

**"Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының сәулет, құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 887 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 наурызда № 3750 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 04 мамырдағы № 66 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 04.05.2016 № 66 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының сәулет, құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнін кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай ауданының әкімі*

*T. Мұсәпі*

A b a i y	a u d a n y	ә k i m d i g i n i c
2 0 1 5	j y l f y	n a u r y z d a f y
№ 887 қаулысымен бекітілді		

**"Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының сәулет, құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы**

**Ереже**

**1. Жалпы ережелері**

1. "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының сәулет, құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бөлім) Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органды болып табылады, Абай ауданы аумағында ауданының сәulet , құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында басшылықты жүзеге асырады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлтідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бүйіркітарьмен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070100, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі, 14.

9. Мемлекеттік органдың толық атауы - "Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының сәulet, құрылыш, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Бөлімнің құрылтайшысы Абай ауданының әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлім қызметін қаржыландыру Абай ауданының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. Бөлімнің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **2. Мемлекеттік органдың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. Бөлімнің миссиясы: Абай ауданы аумағында құрылыш, архитектура, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй қорын, сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарын басқарудағы мемлекеттік бақылау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

16. Бөлімнің міндеттері:

- 1) мемлекеттік тұрғын үй қорының есебін жүргізеді;
- 2) тұрғын үй қоры саласындағы бақылауды жүзеге асырады;
- 3) тұрғын үй қорының сақталуын және жөндеуді қамтамасыз етеді;
- 4) тұрғын үй және тұрғын үй қорын пайдалану саласында азаматтардың құқықтарының сақталуына бақылау жасайды.

17. Бөлімнің функциялары:

- 1) зандарда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының аудан құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), селолық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;
- 2) мемлекеттік аудан құрылышы кадастрының дереккорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;
- 3) аумақта жоспарланып отырған құрылыш салу не өзге де аудан құрылышының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;
- 4) аудандық маңызы бар құрылыш, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылышын тоқтатып қою, объектілерді кейіннен қәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;
- 6) аудандық маңызы бар тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды және олардың құтіп ұсталуына (қолданылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуі үйимдастыру;
- 7) аудан аумағында аудан құрылышын дамыту схемаларын, сондай-ақ аудандық маңызы бар, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді үйимдастыру және аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;
- 8) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жобаларын бекіту және іске асыру;
- 9) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;

10) ведомстволық бағынысты аумақта құрылыш салуға немесе өзге де аудан құрылышын игеруге арналған жер участеклерін таңдау, беру, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде шешімдер қабылдау;

11) бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын қайта жоспарлау арқылы реконструкциялау туралы шешім қабылдау;

12) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін тексеруді жүргізеді;

13) тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

14) тұрғын үй қорын басқару саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

15) жылу желілеріндегі (магистральдық, орамішілік) технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексерулер жүргізеді;

16) жылу желілерін (магистральдық, орамішілік) жоспарлы жөндеуді келіседі ;

17) жылу желілерін дайындауды және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруды және олардың күзгі-қысқы кезенде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады;

18) жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (ауылдық), аудан маңындағы және ауданішілік тасымалдауларды ұйымдастырады, олардың маршруттарын бекітеді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастырады және откізеді, маршруттар бойынша жүру кестелерін бекітеді;

19) жолаушылар мен багажды тұрақты аудандық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

20) жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастырады;

21) тахографтарды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және занды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

22) таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

23) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы және концессиялар туралы зандарына сәйкес аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

24) автомобиль жолдарының (көпір өткелдерінің) участеклерін концессияға беру жөніндегі ұсыныстарды, оларды пайдалану тәртібі мен шарттарын, олармен

жүріп өту үшін мөлшерлемелердің мөлшерін әзірлейді;

25) аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін, елді мекендердің көшелерін басқарады;

26) Абай ауданы аумағындағы аудандық маңызы бар, жалпыға ортақ автомобиль жолдарын, аудандағы және өзге де елді мекендердегі көшелерді салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

27) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Бөлімнің құқықтары мен міндеттері:

1) Бөлім құзыретіне кіretіn мәселелер бойынша аудан басшыларына қарауға ұсыныс енгізу;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген құзыреті шеңберінде Бөлім қызметіне қатысты мәселелерді қарау және бірлесіп атқару үшін ауданның өзге жергілікті атқарушы органдары бөлімдерінің қызметкерлерін қатыстыру;

3) Бөлім құзыретіне кіretіn мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңес еткізуге бастамашылық ету;

4) өз функцияларын орындау үшін өзге мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген құзырет шегінде қажетті ақпаратты сұрау;

5) Бөлім құзыретіне кіretіn мәселелер бойынша кеңес беру;

6) жеке және заңды тұлғалардың ресми сұранымы болған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпаратты ұсыну;

7) Бөлім құзыретіне кіretіn өзге де міндеттерді орындау.

### **3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру**

19. Бөлімді басқару Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. Бөлімнің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Абай ауданының әкімі қызметке тағайындалады және қызметтен босатады.

21. Бөлімнің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. Бөлім басшысының өкілеттігі:

- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;
- 2) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін көтермеледі және тәртіптік жазаға тартуды жүзеге асырады;
- 3) өз құзыреті шегінде бүйрық шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік күжаттамаға қол қояды;
- 4) бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 5) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда Бөлім мүддесін білдіреді;
- 6) Абай ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат санының лимиті мен күрылымы шегінде Бөлімнің штат кестесін бекітеді;
- 7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша қажетті шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;
- 8) ерлер мен әйелдердің олардың тәжірибелеріне, мүмкіндіктеріне және кәсіби дайындықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімдігін қамтамасыз етеді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

23. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
25. Егер заңнамада және осы Ережеде өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Бөлімге қарасты ұйымдардың тізбесі**

1. Абай ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Риза" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК